

Жылой ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 195 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Атырау облысы Жылой ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 441 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда № 4007 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 419 "Мәдениет, мәдениет және өнер саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және құжаттама, деңе шынықтыру және спорт, дін қызметі салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" бүйрығына және Жылой аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 14-2 "Жылой аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 2-3 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, мәдениет және әлеуметтік қамсыздандыру мамандары лауазымдарының тізбесіне келісім беру туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешіміне сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жылой ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы №195 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық акті Атырау облысы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3543 болып тіркелген, 2016 жылғы 23 маусымдағы аудандық "Кең Жылой" газетінде жарияланған) төмендегідей толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының және қосымшасының атауларындағы "мәдениет" деген сөздерден кейін "спорт" деген сөзben толықтырылсын;

көрсетілген қаулының қосымшасы келесі 4 бөліммен толықтырылсын:

4. Спорт саласы мамандарының лауазымдары:

Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

Аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары (аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және

мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының әкімшілік-шаруашылық мәселелері жөніндегі орынбасарынан басқа);

Аудандық маңызы бар аға жаттықтыруыш;

Жаттықтыруыш, жаттықтыруыш-оқытуыш, нұсқаушы-спортшы, әдіскер, психолог, әдіскер, (мамандандырылған) медициналық бике/аға.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жылдың ауданы әкімінің орынбасары Н. Әмірбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Құттұмұрат-ұлы

"Келісілді"

Жылдың аудандық мәслихаттың
XIV сессиясының төрағасы

T. Майлыбаев

"21" қараша 2017 жыл

Жылдың ауданы
мәслихаттының хатшысы

M. Кенғанов

"21" қараша 2017 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК